

ҚҰТЫРМА — ҚАУІПТІ ДЕРТ

Құтыру – адам мен жануарға ортақ аса қауіпті жұқпалы ауру. Бұл дерттің емі жоқ және ол әрдайым қайғылы жағдаймен аяқталады. Сондықтан бірден-бір тиімді шара – уақтылы вакцинациялау болып табылады.

Жұғу көзі мен таралу жолдары: Құтырудың қоздырғышы – жүйке жүйесін зақымдайтын вирус. Ауру көбінесе, ауру жануардың тістеуі немесе сілекейі арқылы жұғады. Инфекцияның негізгі көзі – далада жүретін түлкі, қасқыр, шибөрі, сондай-ақ көшеде жүрген иттер мен мысықтар.

Мал арасында құтыру ауруы: Құтыру көбінесе ірі және ұсақ малдарда, жылқылар мен түйелерде кездеседі. Ауру жұққан мал мазасызданып, жемшөп пен судан бас тартады, кейде агрессивті мінез танытады. Сілекей ағу, төменгі жақтың салдануы байқалады, соңында жануар өледі. Құтыруға күдік болған жағдайда малды дереу оқшаулап, ветеринариялық қызметке хабарласу қажет. Ауру малды өз бетінше союға немесе сойылған етті пайдалануға қатаң тыйым салынады.

Үй жануарларындағы құтыру: Ит пен мысықта аурудың жасырын кезеңі 10 күннен 3 айға дейін созылады. Негізгі белгілері – мазасыздық, себепсіз шабуылдау, судан немесе жарықтан қорқу, сілекей ағу, дауыс өзгеруі және салдану. Мұндай жануарлар адамдар мен басқа жануар-

лар үшін өте қауіпті.

Адам үшін қауіпті жай: Адам ауру жануардың тістеуі немесе сілекейі арқылы өзіне жұқтырады. Егер уақтылы дәрігерге қаралмаса және вакцина егілмесе, аурудың соңы өліммен аяқталады.

Тістелген жағдайда:

- жараны сумен және сабынмен мұқият жуу,
- антисептикпен өңдеу,
- және шұғыл түрде дәрігерге жүгіну қажет.

Алдын алу – қауіпсіздіктің кепілі

- Иттер мен мысықтарға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларына жыл сайын құтыруға қарсы вакцина салдыру міндетті;

- үй жануарларын бос жүруден сақтау;


- тістеу және күдік тудырған жағдайлар туралы ветеринариялық қызметке дереу хабарлау қажет.

Қорыта келгенде айтарымыз - құтырма – емделмейтін, бірақ алдын алуға болатын ауру. Уақтылы вакцинация – әр жануар иесінің азаматтық борышы және қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты кепілі.

Аталған белгілер жануарларда байқалған жағдайда «Целиноград ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖҚ КМК-ға хабарласу қажет. Телефон: 8-716-51-30-0-56.

Ө. ТӨКЕНОВ,

аудандық ветеринариялық станциясының басшысы.



ЖҰҚА МҰЗ ҚАУІПТІ

Суық түскеннен бері Ақмола облысының тұрғындары өзен-көлдерде мұз қабыршақтарының пайда болғанын байқауда. Алайда, алғашқы жұқа мұздың өте қауіпті екенін естен шығармау керек.

Су бетіндегі мұздың қалыңдығы әлі жұқа, сондықтан айдыңның бетіне шығамын деу қайғылы жағдайға әкеліп соғады.

Азаматтық қорғаныс қызметі мамандарының мәліметтерінше, жыл сайын күзгі-қысқы маусымда адамдардың мұз астына түсіп кету оқиғасы жиі тіркеледі. Бұл ретте әсіресе балықшылар мен жас балалардың, жасөспірімдердің үлес салмағы басым. Олар көп жағдайда сақтықты ұмытып, опық жеп жатады.

Мамандар мынадай жайды ескертеді:

- су бетіндегі мұздың қалыңдығы кемінде 7-10 см болуы керек;

- ақ, күрткік мұздан гөрі шыныдай жылтыр мұз қауіпсіз;

- мұз үстіне жалғыз-жарым шығуға болмайды;

- егер мұз жарылып, үстін су басып жатса, дереу жағаға қайтқан жөн;

Ата-аналарға кеңес. Күн сайын

балаларыңызбен әңгіме жүргізіп, суық ката бастаған өзен-көлдерде ойнауға болмайтындығын ескертіңіз. Олардың қайда жүргенін бақылап отырыңыз.

Төтенше жағдай орын алғанда 112 телефонына хабарласыңыз.

Өзіңізді және жақындарыңызды сақтаңыз. Мұз жұқа әрі қауіпті, бір сәттік қызық үшін өміріңізді қауіп-қатерге тікпеніз!

Е. КЕЖЕНЕВ, лейтенант.



Хабарланыру

«Сапақұрылыс-1» ЖШС Ақмола облысының Целиноград ауданында орналасқан Сапақұрылыс учаскесінде құм-қиыршық тас қоспасын өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына «ықтимал эсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қараөткел а.о., Қаражар а. (географиялық координаттары 51°04'35» с.е. 71°13'28» ш.б.).

Учаске орталығының географиялық координаттары: 51°02'19.50» с.е., 71°10'49.75» ш. б.

Қоғамдық тыңдаулар 23.12.2025 ж.сағат 11:00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қараөткел а. о., Қаражар ауылы, № 70, 1 есеп кварталы (Қаражар ауылының мектеп-лицей ғимараты) мекенжайы бойынша өтеді.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Тыңдаулар гибриді форматта өткізіледі, қатысу үшін мына мекен-жайға келу немесе ZOOM Meeting Cloud қосымшасын жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516. Пароль 777.

Бастамашы – «Сапақұрылыс-1» ЖШС, БСН 040140008739, Астана қ. Ғабдуллин көшесі, 1-үй, 9-пәтер, тел.: 8 (701) 777 32 34, e-mail: din_7@bk.ru.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС (лицензия 01.08.2013 ж. №01583Р, «Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» ҚР Қоршаған ортаны қорғау Министрлігімен берілген), БСН: 100540015046, Кокшетау қаласы, Васильковский шағын ауданы, 4Г, тел.: 8 (747) 186-04-28, e-mail: alait2030@gmail.com.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz> және «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/contacts?lang=ru>.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде межеленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ межеленіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e-mail: alait2030@gmail.com және тел: 8 (747) 186 04 28.

Жобалық материалдар бойынша өз ескертулерін, ұсыныстарын «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында жіберуге болады <https://ndbecology.gov.kz> «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Көкшетау қаласы, Абай көшесі 89, тел.: 8 (7162) 40 14 03, электрондық мекенжайы: expreso@mail.ru.

«Сапақұрылыс-1» ЖШС Ақмола облысының Целиноград ауданында орналасқан Сапақұрылыс учаскесінде құм-қиыршық тас қоспасын өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспары жобасы бойынша экологиялық бөлімдермен қоғамдық тыңдаулар өткізеді: Эмиссиялар нормативтерінің жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қараөткел а.о., Қаражар а. (географиялық координаттары 51°04'35» с.е. 71°13'28» ш.б.).

Учаске орталығының географиялық координаттары: 51°02'19.50» с.е., 71°10'49.75» ш. б.

Қоғамдық тыңдаулар 23.12.2025 ж.сағат 12:00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қараөткел а. о., Қаражар ауылы, № 70, 1 есеп кварталы (Қаражар ауылының мектеп-лицей ғимараты) мекенжайы бойынша өтеді.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Тыңдаулар гибриді форматта өткізіледі, қатысу үшін мына мекен-жайға келу немесе ZOOM Meeting Cloud қосымшасын жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516. Пароль 777.

Бастамашы – «Сапақұрылыс-1» ЖШС, БСН 040140008739, Астана қ. Ғабдуллин көшесі, 1-үй, 9-пәтер, тел.: 8 (701) 777 32 34, e-mail: din_7@bk.ru.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС (лицензия 01.08.2013 ж. №01583Р, «Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» ҚР Қоршаған ортаны қорғау Министрлігімен берілген), БСН: 100540015046, Кокшетау қаласы, Васильковский шағын ауданы, 4Г, тел.: 8 (747) 186-04-28, e-mail: alait2030@gmail.com.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz> және «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/contacts?lang=ru>.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде межеленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ межеленіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e-mail: alait2030@gmail.com және тел: 8 (747) 186 04 28.

Жобалық материалдар бойынша өз ескертулерін, ұсыныстарын «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында жіберуге болады <https://ndbecology.gov.kz> «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Көкшетау қаласы, Абай көшесі 89, тел.: 8 (7162) 40 14 03, электрондық мекенжайы: expreso@mail.ru.

Esil-Nura

Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейд» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігі және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күзегіні 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 221.
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға – берген кісілер жауапты.



Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz

